

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Тұрақсыз макроэкономикалық ахуал аясында зейнетақы активтерінің инвестициялық табысы оң сипатқа ие

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтарының сомасы 2022 жылғы 1 желтоқсанға **14,4 трлн теңге** болды.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына бөлінген таза инвестициялық табыс – **777 млрд теңге**. 2022 жылы қалыптасқан қолайсыз макроэкономикалық жағдайға қарамастан, зейнетақы активтерінің кірістілігі 12 айда (2021 жылғы желтоқсан – 2022 жылғы қараша) 5,91% жетті. Бұл ретте соңғы бес жылда жинақталған кірістілік инфляция деңгейінен асып түсті.

Пайыздық мөлшерлемелердің тез өсуімен, сондай-ақ, активтердің төмен кірістілігімен ерекшеленетін 2022 жыл бүкіл әлем бойынша зейнетақы қорлары үшін ауыр болды. Willis Towers Watson (Global Pension Finance Watch, wtwco.com) тоқсандық сараптама есебіне сай, АҚШ долларының айтартылған нығаюы кезінде айырбас бағамдарының өзгеруі, сондай-ақ, барлық елдерде сақталатын инфляциялық қысым зейнетақы жүйелерінің көрсеткіштеріне үлкен әсер етті. Әсіресе Ұлыбританиядағы зейнетақы активтері ең көп зардан шегіп, жыл басынан бергі шығын (-29,6%) болды. Одан кейін шығын көрсеткіштері бойынша теріс кірістілік (-15,7%) АҚШ зейнетақы нарығында орын алды. Еуроаймақ, Швейцария және Канада елдерінің инвестиациялық шығыны (-14,1%) болды. Жапонияның зейнетақы активтері бойынша шығын - 3,0% тең. – Әлемдегі ең ірі Норвегия мемлекеттік зейнетақы қоры 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында 174 миллиард доллар жоғалтты, – деп хабарлайды ашық ақпарат көздері.

Зейнетақы жинақтары – ұзақ мерзімді инвестициялар. Жекелеген кезеңдерде шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығына, қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне, сондай-ақ, инфляцияның ықпалына байланысты кірістіліктің төмендеуі байқалуы мүмкін.

Орта және ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) табыстылығы қамтамасыз етіледі. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізі қаланған 1998 жылдан бастап 2022 жылғы 1 желтоқсандағы инвестиациялық кірістілік өспелі қорытындымен бірге бүкіл кезеңдегі инфляция **669%** болған кезде **726,3%** көрсетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық зейнетақы активтерін БЖЗК-да шоғырландыру аяқталған 2014 жылдан бері тапқан табысы **6,8 трлн теңгені құрады**.

Жекелеген кезеңдегі табыстылықтың төмендеуі салымшының төлем жасау құқығы басталған кездегі жинақталған табыстылығына әсер етсе де, Қазақстан Республикасында инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жарналарының міндепті түрлерінің сақталуына бірегей кепілдіктің қолданылатынын еске саламыз.

Зейнетақы активтерін инвестиациялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет немесе ұялы қосымшада өзінің инвестиациялық табысын көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗК зейнетақы активтерін инвестиациялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестиациялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Ал БЖЗК/ЕНПФ YouTube арнасынан көптеген қызықты және пайдалы ақпаратты алуға болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару көңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыга (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

